

**Сырдария ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 қазандағы № 165 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қазанда № 30263 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 3) – тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШТІ :

1. Сырдария ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Сырдария ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтерін бекіту туралы" Сырдария аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 40 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8317 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сырдария аудандық мәслихат хатшысы*

*Е. Әжікенов*

Сырдария аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 20 қазандағы  
№ 165 шешіміне қосымша

**Сырдария ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 26.06.2024 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

| Атауы                                 | Есептік бірлік | Теңге (қосылған құн салығынсыз) |
|---------------------------------------|----------------|---------------------------------|
| Жайлы емес үйлер                      | 1 тұрғын айына | 138,88                          |
| Бір бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф | 1 текше метр   | 2182,76                         |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК